

**ТЕОРЕТИКО-ПРИКЛАДНЫЕ АСПЕКТЫ СОЦИАЛЬНО-  
ЭКОНОМИЧЕСКОГО И ПОЛИТИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ  
СТРАН ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ И СНГ**

**ТОМ 3**

6 Лотман, Ю. М. О содержании и структуре понятия «художественная литература» / Ю.М. Лотман Избранные статьи. Т. 1. - Таллинн, 1992.

7 Лотман, М.Ю. Об искусстве. Структура художественного текста / М.Ю. Лотман. – СПб., Искусство-С-Пб., 1998.

**Г.К. Күшқарова**

К. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті  
(Ақтөбе, Қазақстан)

**КӨРКЕМ МӘТІН АҚИҚАТТЫЛЫҚТЫҢ ФАКТИЛЕРІ МЕН  
ҚҰБЫЛЫСТАРДЫҢ КӨРНЕКТІ-ЭМОЦИОНАЛДЫ, СУБЬЕКТИВТІ  
МӘНІ РЕТИНДЕ**

Көркем мәтін болмысы оның пайды болу мен қолданыс үрдісін білдіретін екіжакты әрекет.

Негізгі сөздер: көркем мәтін, автор, оқырман, ниет, ой, қабылдау, мазмұны, даралық, бейне, әлем сүреті.

**G.K. Kushkarova**

Aktobe State University named K. Zhubanov  
(Aktobinsk, Kazakhstan)

*The existence and functioning of a literary text is a dual act, involving not only the process of production, but also closely interrelated with it the process of consumption.*

*Keywords: literary text, author, reader, design, perception, content, identity, image, world, background knowledge.*

6 Лотман, Ю. М. О содержании и структуре понятия «художественная литература» / Ю.М. Лотман Избранные статьи. Т. 1. - Таллинн, 1992.

7 Лотман, М.Ю. Об искусстве. Структура художественного текста / М.Ю. Лотман. – СПб., Искусство-С-Пб., 1998.

**Г.К. Күшқарова**

К. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті  
(Ақтөбе, Қазақстан)

**КӨРКЕМ МӘТІН АҚИҚАТТЫЛЫҚТЫҢ ФАКТИЛЕРІ МЕН  
ҚҰБЫЛЫСТАРДЫҢ КӨРНЕКТІ-ЭМОЦИОНАЛДЫ, СУБЪЕКТИВТІ  
МӘНІ РЕТИНДЕ**

Көркем мәтін болмысы оның пайды болу мен қолданыс үрдісін білдіретін екіжакты әрекет.

Негізгі сөздер: көркем мәтін, автор, оқырман, ниет, ой, қабылдау, мазмұны, даралық, бейне, әлем сүреті.

**G.K. Kushkarova**

Aktobe State University named K. Zhubanov  
(Aktobinsk, Kazakhstan)

*The existence and functioning of a literary text is a dual act, involving not only the process of production, but also closely interrelated with it the process of consumption.*

*Keywords: literary text, author, reader, design, perception, content, identity, image, world, background knowledge.*

## **АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ ЛИНГВИСТИКИ, СОПОСТАВИТЕЛЬНОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ, КЛАССИЧЕСКОГО И СОВРЕМЕННОГО ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ**

**Г.Ж. Өтемісова**

Халықаралық Бизнес Академиясы  
(Алматы, Қазақстан)

### **НҰРТУҒАН ЖЫРАУ МЕН ШОҚАН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚӨНЕРГЕН АТАЛЫМДАРДЫҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ**

Тілдегі конерген атальмдардың қонеруі не біржола жоғалуы – күрделі құбылыс, ол өте ұзақ уақытты қажет етеді. Белгілі бір ұғымның қонеруіне байланысты сол ұғымды аңғартатын атальмның да қолданысы сирей бастайды. Тіл-тілде дамудың әртүрлі кезеңдері тудырған тіл өнерктері толып жатыр. Ондай тіл фактілері өткен дәуірдегі болған оқиғаларды тарихи жағдайға байланысты суреттеуде жұмысалады, әрі шығарманың көркемдік дәрежесін арттырып отырады.

Қонерген атальмдар ескіру көрсеткіші арқылы ғана қазақ тілінің лексикасынан оқшауланып, конерген атальмдардың лексикасын құрай алады. Тілдегі қонерген атальмдар негізінде мынадай екі топқа бөлінеді: 1) тарихи атальмдар (историзм); 2) қонерген атальмдар (архаизм). Бұл екі лексикалық топтың арасындағы айырмашылық сөздердің әрі тұрқты, әрі белгілі бір қағидага негізделген қасиеті болып табылады.

Ф. Мұсабаев қонерген атальмдарды архаизмдер және историзмдер деп бөліп алады да, «архаизмдер күнделікті тұрмыста, дін ұғымында, есke әдет-ғұрыптарда қолданылады» дей отырып, историзмдерді лексика-семантикалық мағыналарына қарай материалдық мәдениетке байланысты, әкімшілік басқаруға байланысты, қазақ қоғамының қоғамдық өміріне байланысты, Октябрь дәуірінен кейін тұган сөздер» [1, 185-191 б.], деп жіктейді.

Сонымен қатар Ә. Болғанбаевтың «Қазақ тілінің лексикологиясы» еңбегінде қонерген атальмдардың лексика-семантикалық топтарын, яғни архаизм мен историзмді өз алдына жеке дара топтайты: архаизмдерді – мата-кездеме атауларына байланысты архаизмдер; салт-сана, әдет-ғұрыпка қатысты архаизмдер; ким-кешек, ыдыс-аяқ атауларына қатысты архаизмдер; діни ұғымдарға қатысты архаизмдер деп бөледі де, историзмдерді мынадай үш топқа топтайты: әкімшілік басқарумен байланысты туған историзмдер; әскери атақ пен қару-жаракқа қатысты историзмдер; Совет тұсында пайда болған историзмдер [2, 86-88 б.].

## **АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ ЛИНГВИСТИКИ, СОПОСТАВИТЕЛЬНОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ, КЛАССИЧЕСКОГО И СОВРЕМЕННОГО ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ**

**Г.Ж. Өтемісова**

Халықаралық Бизнес Академиясы  
(Алматы, Қазақстан)

### **НҰРТУҒАН ЖЫРАУ МЕН ШОҚАН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚӨНЕРГЕН АТАЛЫМДАРДЫҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ**

Тілдегі конерген атальмдардың қонеруі не біржола жоғалуы – күрделі құбылыс, ол өте ұзақ уақытты қажет етеді. Белгілі бір ұғымның қонеруіне байланысты сол ұғымды аңғартатын атальмның да қолданысы сирей бастайды. Тіл-тілде дамудың әртүрлі кезеңдері тудырған тіл өнерктері толып жатыр. Ондай тіл фактілері өткен дәуірдегі болған оқиғаларды тарихи жағдайға байланысты суреттеуде жұмысалады, әрі шығарманың көркемдік дәрежесін арттырып отырады.

Қонерген атальмдар ескіру көрсеткіші арқылы ғана қазақ тілінің лексикасынан оқшауланып, конерген атальмдардың лексикасын құрай алады. Тілдегі қонерген атальмдар негізінде мынадай екі топқа бөлінеді: 1) тарихи атальмдар (историзм); 2) қонерген атальмдар (архаизм). Бұл екі лексикалық топтың арасындағы айырмашылық сөздердің әрі тұрқты, әрі белгілі бір қағидага негізделген қасиеті болып табылады.

Ф. Мұсабаев қонерген атальмдарды архаизмдер және историзмдер деп бөліп алады да, «архаизмдер күнделікті тұрмыста, дін ұғымында, есke әдет-ғұрыптарда қолданылады» дей отырып, историзмдерді лексика-семантикалық мағыналарына қарай материалдық мәдениетке байланысты, әкімшілік басқаруға байланысты, қазақ қоғамының қоғамдық өміріне байланысты, Октябрь дәуірінен кейін тұган сөздер» [1, 185-191 б.], деп жіктейді.

Сонымен қатар Ә. Болғанбаевтың «Қазақ тілінің лексикологиясы» еңбегінде қонерген атальмдардың лексика-семантикалық топтарын, яғни архаизм мен историзмді өз алдына жеке дара топтайты: архаизмдерді – мата-кездеме атауларына байланысты архаизмдер; салт-сана, әдет-ғұрыпка қатысты архаизмдер; ким-кешек, ыдыс-аяқ атауларына қатысты архаизмдер; діни ұғымдарға қатысты архаизмдер деп бөледі де, историзмдерді мынадай үш топқа топтайты: әкімшілік басқарумен байланысты туған историзмдер; әскери атақ пен қару-жаракқа қатысты историзмдер; Совет тұсында пайда болған историзмдер [2, 86-88 б.].

Аталған ғалымдардың жіктемелерін негізге ала отырып және Нұртуған жырау мен Шоқан шығармаларындағы көнерген атальмадарды сарапай келіп, оларды мынадай лексика-семантикалық топтарға жікtedік:

1 Діни үғымға қатысты көнерген атальмадар. Нұртуған жырау мен Шоқан өмір сүрген тұста қазіргі тілде көнерген болып табылатын сөздердің мол қабатты діни үғымға қатысты сөздер күрайды.

Нұртуған жырау мен Шоқан тілінде араб-парсы сөздері едәуір мөлшерде кездессетіндігін жогарыда атап өткенбіз. Олардың бір тобын бұрынғысынша дерексіз үғымдарды білдіретін, халықтың тіліне сіңген сөздер күраса, келесі тобын ислам дініне қатысты үғымдар (жәһәннам, құтба, зікір, зекет, махшар, топан, аят, рабат, бесін, підия, муһмін, тәүбе, хазірет, аждада, үшілшіхар, тамұқ, иман, уәжіп, парыз, сұннет т.б.) мен дін іслерінің (зұлжалал,abyz, бақсы, пір, хақ, Ібіліс, пірадар, сопы, сахаба, мұріт, шахарияр т.б.) аттары күрайды. Сондай-ақ, бұл қатарда мәдени-рухани дүниелерге қатысы бар атаулардан тұрады. Араб-парсы сөздерінің аз-көп қолданылуы автордың сауаттылығына байланысты болды. Сондықтан бұлардың қаламынан шыққан дүниелерде шет тілдік элементтердің, оның ішінде жалпыхалықтық сойлеу тіліне енгендерден өзге сөздердің ұшырауы заңды. Нұртуған жырау мен Шоқан тілінің басым көшпілігінде тек қана дінге қатысты *нейш*, *тамұқ*, *зекет*, *жаббар*, *құбыла*, *муъмин*, *иман*, *құда*, *ахирем*, *тәкбир*, *сират*, *шайтан*, *махшар* құні, *құдайдың* пәрмәні, *раббы*, *пір*, *сұннет*, *парыз*, *уәжіп*, *хатим* қылу деген «дінни» атаулар қолданылады.

Мұхаммед ұрпақтары (сейттер мен қожалар) және халифалар мен түрлі әулиелердің ұрпақтары (шейхтар) осы екі топтың біріншісіне жатады. Дін басыларының және бүкіл дін қызметкерлерінің басында бір қожа-калән, бірнеше ишан-накиб және ишан-сүдірлер отыр (Шоқан).

Бұл мәтіндегі халифа – 1) *мирасқор*; 2) орнын басушы; 3) *тарих* халифа (*Мұхаммедтің мирасқоры*, орнын басқан, мұсылмандардың діни және әкімет билігін басқарған әкім атагы). Араб тілінде *халифатун* – біреудің орнын басу; орынбасар болу; мирасқор болу дегенді білдіреді [3, 296 б.]. Қырғыз тілінде *қалифа* – түрік сұлтаны [4, 357 б.].

Қожа-калән – «ұлы қожа» – дін басыларының қызметін бақылап отыратын ең жоғарғы дінилауазым; Ишан-накиб – сұфи орденінің басшысы; Ишан-сүдір – бас ишандардың бірі [5, 280 б.].

Ортаазиялықтар ырымшил әрі оте діндар болады: *сейттер* солардың қараңғылығын пайдаланып, халық арасында аса зор құрметке ие болып отыр; *шәкірттері* мен муридтері *солардың*

## Нұртуған жырау мен Шоқан шығармаларындағы

гажайып ғаламаттарын баян етіп, дәріптейді, а  
бәріне шексіз сенеді (Шоқан). Мұриті бұл шайық  
Зарлаган зікір айтып таңсәріден. Баланың жиыры  
Шықпайды еткен ісі дін жолынан. Бәрінен к  
болып, Қызметін алтын жүрді ұстап құмған (Нұртуған)

Мұрит – дін басшысының шәкірті; иман.  
Парсы тілінде мурид – дін басшысының жолын қуушы.

Керуеннің мынадай шығыны болды: Қашқарда 622 сом 20 ..  
Құртқада 360 сом зекет, 1302 сомдық сыйлық берілді (Шоқан). Жиын  
ап қайыр-садақа, Зекет, үсір, пітірді Әұрыс па беру әжеліп, Жорегага  
мінген ғалымга?! (Нұртуған).

Зекет (закат) – 1) тазалық; 2) қайыр, садақа; 3) оннан бірі; 4) діни.  
зекет – мал-мұліктің қырықтан бірін алтын салық. Зекет – ислам  
діні бойынша, жылдың аяғында, жазғытқырим қожа, ишандардың  
халықтың мал мөлшеріне салатын салығы, үлесі [8, 262 б.]. Парсы  
тілінде зей – өмір, тіршілік, азық дегенді білдіреді [6, 264 б.]. Зекет  
парсының зей сөзімен қалыптасқан діни салық түрі. Бұрын зекет  
малдан альинган. Мөлшері 40 койдан 1 түяқ, 5 түйеден 1 кой зекет  
бермеген адамдардың үй-іші мен мал-жаны алланың көріне жолығын,  
қырсыққа ұшырайды деген сенім бар болған. **Зекет** – мал осіруші  
аудандардағы қазақ шаруашылықтары майдарының жиырмадан бір  
бөлігі мөлшерінде төленіп отырған [7, 22 б.].

Нұртуған жырау мен Шоқан тіліндегі кірме сөздердің мол қабатын  
**араб** пен **парсы** тілдерінің сөздері құрайды. Қазақ тілінде біркатарап  
конерген атаулар діни уағыздармен тікелей байланысты екені  
жоғарыдағы мысалдардан айқын аңғарылады. Нұртуған жырау мен  
Шоқан діни **ұғымдағы** сөздерді шығармаларында еркін қолдана  
отырып, өздерінің діни сауатты екендерін де көрсетеді, әрі қараңғы  
халықты діннен хабардар болуга үндейді.

**2 Әскери атаулар мен сауыт-сайман аттарына қатысты**  
**конерген аталымдар.** Шығармада қару-жарап атаулары, сонымен  
байланысты фразеологиялық тіркестер жиңі ұшырайды. Соның өзінде  
көне қару-жарап аттарымен қатар, олардың XVIII–XIX ғасырда  
қолданылған түрлері де кездеседі. Бұл жағдай шығарманың біздің  
дәүірімізге ауызша жырлану арқылы жетуімен байланысты болса  
керек. Мысалы, *жасаңгер, солдат мағынасында жасасақ, қол, жасасауыл*  
сияқты көне аталымдар қолданылған. Сондай-ақ қорамсақ, бадана,  
кіреуке, жебе, сұңға, сарыжса, наиза, алмас, айбалта, мысқулақ тәрізді  
көне қару-жарап аталымдарымен бірге мылтық, қанжар, қылыш,  
садақ, барабан сияқты кейінгі дәүірімізге тән соғыс құралдары да  
қатар қолданылған.



A  
Күн  
жыныс

камбагал – кедей, мұлкі жоқ, тақыр кедей деген сөз [12, 176 б.]

Ертеде откен *Алаштан бастап*, барлық ру, ру басы –  *билер мен батырлар*, олардан өрбіген атапар мен әүлеттер, *хандар* шежіресі Шал жырында түгелдей қамтылатын көрінеді (Шоқан).

Жариялан бұл күндегі *алты Алаша*. Шақырып патша алдырыдь айналасын, Қолына жілік беріп жариялан, Мінгізіп алма сағақ, хан Қарасын (Нұртуған).

**Алаш** – 1) қалың көпшілік, ел, жұрт, қауым; 2) қазақ елі, қазақ қауымы. Қазіргі қазақ тіліндегі *алты алаш* тіркесі бүкіл халық, көпшілік қауым деген мағынаны білдіреді. Алғашқы кезде алаш сөзі жағымды ұғым болмаған. «Мавренеңді билеуші Махмұттың інісі Ахмед монғолша киініп, монғолша қаруланатын өте қатал адам болышты. Ол ұрыстарда қалмақтарға бірнеше рет өлтіре соққы береді, жеңілген қарсы жақты қатты қырғынға ұшыратады, сондықтан қалмақтар оған «алаш!» – қан қүйді, бас кесер, жауыз деген жаман атақ тағады» [13, 76 б.]. Бұл тарихи деректі қазақ халқының ұлы ақыны, ойшыл демократы Абай Құнанбаев та өзінің «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген еңбегінде сөз еткен. «Ахмет хан қалмақты коп шауышты, көп қырышты. Қалмақ рақымсыздығына қарай, мынау бір алашы болды ғой» депті, жан алушы дегеннің орнына, сонан соң сол хан, бұл атты қалмақ қорыққаннан қойды ғой, енді сіздер шапқан уақытта «алашы, алашы» деп «ұран-сүрен» салыныздар деп бүйірып, бұларға айқай салғанда, көп жаның айқайымен «алаш-алаш!» деп кетіпті. Сондықтан алаш болғанда, Алашы хан болғанда, қалмаққа не қылмап едік» деп алаш ұранды қазақ атанған себебі сол екен. Қазақ тіліндегі *алаш* сөзінің де алғашқы кезде жан алғыш, кісі өлтіргіш, ел талағыш деген тұрпалы мағынасы болған [14, 405 б.] Монғол тілінде *алаач* – кісі өлтіруші, жендет, жанкешті деген мағынада қолданылады [15, 19 б.]. Ойрат тілінде *алдача* – жан алғыш (қазақша алашы). Бұл фактілер қазақ тіліндегі алаш сөзінің тарихи мәнін толық ашып беретін тәрізді.

Біріншіден, болыстар, ақсақалдар, *сұлтандар*,  *билер* және ауқатты қазақтардан, яғни мансапқа ие болуды қоздейтін атқамінерлерден сөз тарттық (Шоқан). Сонда да бір-бірінен жсан аяmas, Дос болды айырықша бір адамға. Ол адам шайыр еді түбі терең, Сөйлейтін еркі де бар *сұлтан*, ханға (Нұртуған). Қарасайдың бұл ісін бірге келген  *билер* мен ақсақалдар да мақұл көрді (Нұртуған).

**Сұлтан** – 1) өкімет, үстемдік, билеп тұруышылық; 2) тақсыр, патша; 3) ауыс. батыр, ер, асыл. Араб тілінде *султән* – тақсыр, патша, жоғары билік жүргізуши дегенді білдіреді [6, 462 б.].

**Би** – дау-жсанжалға билік айтту үшін үстем таптың қолдауымен

сайланған өкілі: Кеңес үкіметінен бұрынғы қазақ ауылындағы сом [8, 113 б.]. Араб тілінде бей – атақ (титул) дегенді білдіреді [6, 63 б.]. Ойрат тілінде бий – мұрза, қожа [16, 30 б]. Келтірілген мәтіндегі «би» дау-жанжалдың ақ-қарасын ажыратып беретін адам мағынасында қолданылса, қазір тек би өнері ретінде қалыптасқан аталым және мағынаның даму нәтижесінде билік, билік өкілдері, билеп алу, билікке таласу деген сияқты тіркестерде кездеседі.

Осындағы киын-қыстау шақта, уш жұз батырдың арасында, жат жұрттық Алаш атты дана файыптан пайда бола кетеді. Алаш қазақтарды жинап алыш ұзақ сойлейді, сөзі халықты қатты тәбірентеді. Сол жерді қазақтар Алашты өздеріне рубасы және қазы етіп сайлайды [5, 39 б.].

Бұл пікір – бірнеше би мен әкімдердің аузынан шықты, **орданың** озге құрметті адамдары оларды мақұлдан, бас изеді (Шоқан). Талматалтұс болғанда, **Ордасын** ханың кореді. Аттарынан түсін байлады, Ордадан қашық жерге кеп. Қайінтері де жоқ емес, Босанын аттар кетер деп (Нұртуған).

**Орда** – 1) патша тұратын қала; 2) сәулетті үй. Көне түркі тілдерінің ескерткіштерінде орду – шах тұратын шаһар, орда [17, 145 б.].

Нұртуған жырау шығармаларында **жауырыншы** сөзі кездеседі. **Жауырыншы** – қазірігі сойлеу тілінде «оққағар». Едіге баласына қарға бұтты Қарағанды берді. Қасына қырық кісі ертті. Басыны қылып **жауырыншы** Ақтан дегенді қосты (Нұртуған). Ал Шоқан тілінде осы **жауырыншы** деген қонерген аталымға балгер сөзі тіркесіп кездеседі.

**Жауырыншы балгер** – қойдың жауырынымен, құмалақпен бал ашады. Қойдың құмалағын ретімен қояды, олардың саны қырық бір болуга тиіс. Жауырынмен бал ашу және қырық бір құмалақпен бал ашу қазақтар арасында ең кең таралған балгерліктің түрлері. Кезінде, құмалақпен бал ашу Данияр (Даниил) пайғамбардан мұра бол қалған деседі. Бал ашудың бірінші түрі – жауырынмен бал ашқанда: жауырынды отқа қызыдыра бастағандагы, жауырынга түсken белгі – сыйықшага негізделеді. Бақсылардың айтудынша, жауырын жесті халықтың тағдырымен қоса патшаларының өлімін, елінің өлім-жітімін, саяхатшыларының басынан кешкендерін айтып бере алады (Шоқан).

Алты шаһар жері мен оның жерегілікті халқына қатысы бар деректер Қашқардың бектері мен **шайхыларынан**, ахундарынан және менің Қашқардағы бұл мәселеге әбден қанық тума-туысқандарынан алынды (Шоқан). Даниель қожа **шайхтардың** бірінің үрпағы –

Ханарықтың Әлім-ахуны осы партияның Қашқардагы өкілі болып саналады (Шоқан). Хид нәби пұд қауымына иман етіп, Түсінбей шейхтардың өзін қырган. Меккеде зираты бар бұл нәбидың Кореді оған асық ізден барған (Нұртуған).

**Шейх (шайх, шайқы, шайхы, шайық)** – 1) қарт, қария; құрметті кісі; 2) Шейхтар налатасының мүшесі, сенатор; 3) шейх – ру бастығы; 4) ақсақал, басшы, басқарушы; 5) діни. рухани көсем; 6) галым; 7) мұгалім, ұстаз, жетекші, тәрбиеші.

Корыта айтқанда, Нұртуған жырау мен Шоқан тілінде көнерген сөздер **біріншіден** өздері суреттеп отырған дәуірдің түрмис-тіршілігін дәл, нақты көрсеткен, **екіншіден** өз тілдерінің лексика-семантикалық қабаттарын байытып отыр.

- 1 Мұсабаев, Ф. Қазак тіл білімінің мәселелері / Ф. Мұсабаев. - Алматы: Арыс, 2008.
- 2 Болғанбаев, Ә. Қазак тілінің лексикалогиясы / Ә. Болғанбаев. - Алматы: Мектеп, 1988.
- 3 Арабско-русский словарь. - М., 1958.
- 4 Юдахин, К. Киргизско-русский словарь / К. Юдахин. - М., 1940.
- 5 Уәлиханов, Ш. Алтышанарға сапар / Ш. Уәлиханов. - Алматы: Атамұра, 2006.
- 6 Персидско-русский словарь. - М., 1960.
- 7 Елеусізов, М. Экономикалық қозқарастар/ М. Елеусізов, Ш. Уәлиханов. - А., 1959.
- 8 Түсіндірмелі сөздігі. I т., - Алматы, 1959.
- 9 Қайдаров, Ә. Қазак терминологиясына жаңаша қозқарас / Ә. Қайдаров. - Алматы, 1993.
- 10 Сыздық, Р. Қазак әдеби тілінің тарихы / Р. Сыздық - Алматы: Арыс, 2004.
- 11 Сыздықова, Р. Сөздер сөйлейді / Р. Сыздықова. - Алматы: Арыс, 2004.
- 12 Таджикско-русский словарь. - М., 1955.
- 13 Бартольд, В.В. Очерк истории Семиречья / В.В. Бартольд. - Фрунзе, 1943.
- 14 Құнанбаев, А. Шығармаларының толық жинағы / А. Құнанбаев. - Алматы, 1945.
- 15 Монгольско-русский словарь. - М., 1957.
- 16 Баскаков, Н. А. Ойратского-русского словарь / Н. А. Баскаков - М., 1947.
- 17 Махмуд Қашқари. Девону луготит түрк. I т., - Ташкент, 1960.